

БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім табиғаты, сипаттары





Білімнің мән-мағынасы

Білім саласындағы зерттеулер жүйесі мынадай фундаменталды сұрақтарды алға шығарады:

1. Білім дегеніміз не?
2. Білім неге маңызды?

«Білім» терминінің мағынасын анықтау ісінде, білім саласындағы көрнекті философ Петерс (1966, 2015 жылы қайта басылған) көптеген қиындықтар кездесетінін айтқан болатын. Ғалымның пікірінше, термин әртүрлі мағынада пайдаланылады, сондықтан оның әмбебап белгілі бір анықтамасын беру мүмкіндігі жоқ. Дегенмен, ғалым, білімнің «когнитивті» және «нормативті» бірқатар аспектілеріне қатысты сипаттарын айтып өтеді.

Жалпы, білім туралы кең мағынадағы анықтамаға келсек, білім дегеніміз – білімді меңгеру және дағдылар мен түсініктерді қалыптастыру, когнитивтік қабілетті дамыту деп түсініледі.

Білім мақсаттарына әлеуметтану тұғырынан көзқарастар

Білім туралы жоғарыда айтылған пайымдарды сараптай келе, білімнің кең мағынада берілген анықтамасын қабылдауымызға болады. Білім нәліктен маңызды деген сұраққа назар аудара отырып, біз оның мағынасына мән бере аламыз.

Функционалдық көзқарас

Функционалдық перспектива қоғамды белгілі бір ортақ, біртұтас мақсатқа жұмыс істейтін жүйе ретінде қарастырады. Функционализмдегі негізгі идея – әлеуметтік жүйелер адамдардың фундаменталдық қажеттіліктерімен анықталады. Функционализм бойынша, кейбір қажеттіліктер, мәдениеттің түрлілігіне қарамастан, барлық қоғамдарға ортақ, айталық адамның жалпы жағдайы туралы идеялар. Білімнің негізгі функциялары келесідегідей анықталған:

Базалық академиялық дағдыларды қалыптастыру

Заманауи қоғам өмірі үшін, белгілі бір дағдыларды білу маңызды. Ең алдымен, біз оқу, жазу, арифметикалық есептеулерді және мәселедегі себеп-салдарлық байланыстарды тани білуіміз қажет. Қазіргі өмірде осының бәрі керек. Осыған орай, заманауи білімде берілуі тиіс «негізгі» дағдылар қандай деген мәселенің төңірегінде көп айтыстар жүріп жатыр. Себебі дағдылардың жиынтығы жұмыс күшінің икемділігі мен артықшылықтарын айқындайды. Оған «дағдылар экономикасы» деген арнайы термин пайдаланылады. Сондықтан коммуникация, қарым-қатынас, мәселелерді шешу, сауаттылық және санауды білу сынды дағдылар бүгінгі күннің күнтәртібіне шығарылып отыр, әсіресе аталмыш дағдылар 16 жастан кейінгі білім саласында өзекті.

Әлеуметтендіру: функционалдық көзқарас мұны адамның қалыптасуы деп қарастырады. Бұл адам баласы дүниеге келген кезден бастап, бірте-бірте өзіндік «менін» қалыптастыруы, дамуы, өзге топтармен қарым-қатынас жасауды үйрену процесі. Оған кіретін дүниелерге тіл, жаман мен жақсы, өзінен және өзгелерден күтетін нәрселер, әртүрлі жағдайларда адамның өзін қалай ұстауы керектігі сынды дүниелер жатады. Әлеуметтендіру дегеніміз – мәдениетімізге қоғам құндылықтары мен нормаларын кіріктіру процесі. Бұл өз кезегінде қоғамды ұстап тұруға қажетті әлеуметтік біртұтастыққа әкеледі. Ол ғұмыр бойы жалғасатын процесс. Сондықтан да осы дағдыларды қалыптастыруда мектеп, отбасы маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік бақылау және әлеуметтік тәртіпті сақтау. Біздің жеке өміріміз және қоғамдық өмірдің болуы үшін, тәртіптің және қауіпсіздіктің бар екеніне сенімді болуымыз керек. Ол заңның үстемдігін, сонымен бірге белгілі бір қалыптасқан қарым-қатынас нормаларын білдіреді. Мұны қалыптасқан мінез-құлық нормалары немесе мәнері деп атайды.

Жұмысқа дайындық: Жұмысқа тұру үшін қажетті дағдылар білімнің барлық деңгейлерінде дамытылып, беріле алады. Кәсіби оқыту жұмыс орнына негізделгенімен, одан ары қарай жоғары білімде дағдылар ары қарай дамытыла алады.

Білім функциялары қайталануы мүмкін. Еңбек етуге дайындау процесіне ақылды дамыту мен маңызды дағдыларға үйрету кіреді. Әлеуметтендіру ересек өмірге дайындаудың маңызды бір бөлігі.



Конфликт теориялары

Білім саласын зерттейтін әлеуметтік теорияларды зерделеушілер мен білім саласының зерттеушілері айтып жүргендей, білім – доминантты идеологияны үгіт-насихаттау мен халықты әртүрлі кәсіби сегменттер мен кластарға бөлу құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мұндай көзқарастар тұрғысынан, мектептер белгілі бір әлеуметтік функцияларды атқарады, бірақ ол барлығына бірдей пайдалы болуға негізделмеген делінеді. Кей ғалымдар мектеп міндетті түрде жүйеге қызмет етеді, ал жүйенің өзі теңсіздікке құрылуы мүмкін дейді. Функционалистер қарастыратын консенсустің орнына, конфликт теориясының мамандары, айталық марксистік теорияны алсақ, одан кластарға бөліну жүйесінің нығайтылуын көреді.

Символикалық интеракционизм

«Символикалық интеракционизм» теориясы Вебер еңбектері мен АҚШ әлеуметтік дәстүрлерінен бастау алады. Ал ол теорияны қалыптастырушы тұлға Джордж Герберт Мид. Ғалымның пайымдарына сүйенсек, адамдар бір-бірімен әлемді және әлеуметтік субъектілерді айқындайтын символдар арқылы қарым-қатынас жасайды. Мұндай позиция, білім саласы сынды әлеуметтік формациялардағы, институттардағы және тәжірибелердегі мәдениеттің маңызды рөлін көрсетеді. Мәдениет рөлдерді, символдарды және символдарды интерпретациялауды айқындайды. Символдар әлеумет қатысушыларының өз әлемдерін тануына мүмкіндік береді. Әлеуметтік қарым-қатынастар кезінде бәріне ортақ символдар қолданылуы тиіс, сол арқылы адамдар өзгелердің іс-әрекеттерін, оның мағынасын, ниеттерін интерпретациялайды, түсінеді.

Терминдер

Гегемония – [грек, гегемоніа – жетекшілік, басшылық, біріншілік] басшылық, басымдылық, біріншілік; қандай да бір әлеуметтік субъектінің басқа субъектілерге қатысты жетекші рөлі.

Символ – грекше сумболон танымдық белгі, таңба, рәміз, пернелеу лингвистика, логика, математика ғылымдарында таңба ұғымын береді; өнерде, философияда нәрсенің, құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын бейнелеп, астарлап білдіретін әмбебап эстетикалық категория.

Сұрақтар:

1. Білімнің мән-мағынасы туралы сөз қозғалғанда қандай екі негізгі сұраққа жауап ізделеді?
2. Білімге функционалдық көзқарас дегенімізді қалай түсінесіз?
3. Конфликт теориялары білім саласын қай тұғырдан қарастырады?
4. Символикалық интеракционизм мен білім саласының байланысы қандай?